

**Молалы ауылдық округі Ғали Орманов ауылындағы аты жоқ көшеге Ғали Орманов және Қараой разъезіндегі аты жоқ көшеге Қараой атындағы көше атауларын беру туралы**

Алматы облысы Ақсу ауданы Молалы поселкелік округі әкімінің 2010 жылғы 10 қаңтардағы N 1 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ақсу ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 13 қаңтарда N 2-4-101 тіркелді

Ескерту. Шешімнің атауында және бүкіл мәтін бойынша «поселкесіндегі» деген сөздер «ауылындағы» деген сөздерімен, "поселкелік округінің" деген сөздер "ауылдық округінің" деген сөздерімен ауыстырылды – Алматы облысы Ақсу ауданы Молалы ауылдық округі әкімінің 26.12.2014 № 1 шешімімен.  
Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік аумақтық құрылыс туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып Молалы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Шешімнің кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Алматы облысы Ақсу ауданы Молалы ауылдық округі әкімінің 26.12.2014 № 1 шешімімен.

1. Молалы ауылдық округі Ғали Орманов ауылындағы аты жоқ көшеге Ғали Орманов және Қараой разъезіндегі аты жоқ көшеге Қараой атындағы көше атаулары берілсін .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау және іс жүзіне асыру Молалы ауылдық округінің бас маман іс-жүргізушісі Малдыбаева Гүлжихан Мелдеханқызына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Округ әкімі:

*Ж. Бекмурзин*